

Тұздыбастау ауылдық округінің Тұздыбастау ауылындағы жаңа көшелерге атаулар беру туралы

Алматы облысы Талғар ауданы Тұздыбастау ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 1 желтоқсандағы № 10 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Тұздыбастау ауылы халқының пікірін ескере отырып және Алматы облысының ономастикалық комиссиясының 2025 жылғы 11 маусымдағы қорытындысы негізінде Талғар ауданы Тұздыбастау ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тұздыбастау ауылдық округінің Тұздыбастау ауылындағы атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар: Бесік, Шарын, Бұлбұл, Қосалқа, Сәйгүлік, Кәде, Тұлпар, Ерке сылқым, Шаңырақ, Бақдәулет, Сарыжаз, Шырайлы, Ақдала, Жұпар, Байғазы, Күншуақ, Балбырауын, Мерген, Қордай, Айдын, Алтын Орда, Арал, Бурабай, Ертіс, Оқжетпес, Тобыл, Талас, Тараз, Торғай, Үстірт, Ордабасы, Үкілі Ыбырай, Ерулік, Көрімдік, Сарқырама, Қобыз, Сұлусай, Найзалы, Сыбызғы, Несібелі, Үшқоңыр, Жидебай, Тобылғы, Отан, Серпін, Сыбаға, Тәуекел хан, Толқын, Ашудас, Мұхит, Арна, Созақ, Сайрам, Сауран, Бұқтырма, Қазғұрт, Ұлытау, Аягөз, Берел, Хантау, Ерейментау, Койлық, Жасыбай, Шиелі, Керімағаш, Аршалы, Ақжайлау, Есет батыр, Шаттық, Тұран, Ықылас, Өркен, Жасөркен, Өренсай, Ақбұлақ, Алтынемель, Аққайың, Жусан атаулары берілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тұздыбастау ауылдық округінің әкімі

Ш.Толымбеков